

Әскери патриоттық тәрбие жұмыстары

Оқушыларды әскери ұлтжандылыққа тәрбиелеуді жақсарту және бастапқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында «**Жас сарбаз**» әскери патриоттық уйірмесі міндеттідеп саналып сыныптан тыс жұмыстары негізі болып тағайындалды. Қазіргі таңда 9-10 сынып аралығында аптаның бесінші күні «**Жас сарбаз**» уйірмесімен жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасының Қызылорда облысына қарасты ҰҰҚ комитетінің шекара қызметкері капитан Құлахметов Серік Бақытбекұлы №268 мектеп-лицейінің 10-11 сынып оқушыларына шетел мемлекеттерімен Қазақстан Республикасының ҰҰҚ-не қарасты шекара академиясы әскери оқу орны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді, оқушылар көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып, қажетті мағұлматтар алды. Мектептің АӘЖТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Утебаева Альбина оқушыларға ҚР қорғаныс министрлігіне қарасты жоғарғы әскери оқу орындарына және Кадет әскери оқу орындары туралы мәліметтер берді. **ЕР - ЕЛІНІҢ ҚОРҒАНЫ** Ел өміріндегі бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезіміне, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға тікелей байланысты. Елін сүю, Отанын қорғау қашаннан ер жігіттің парызы болған. **“Отан от басынан басталады”** дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүр ме? “Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі? Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қандай деңгейде?” деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық. Осы орайда, әскери-патриоттық рух қалыптастыру, азаматтарымыздың Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру мақсатында **«Ер-елінің қорғаны»** атты кездесу ұйымдастырылды. Шараға Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие идеологиялық және әскери патриоттық жұмыстар басқармасының бастығы подполковник Жақыпов Алмат Алмасұлы, **«Қарулы Күштерінің ардагерлері»** РҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы запастағы подполковник Ршауов Мыңділда Сағидуллаұлы, **«Жас Сарбаз»** жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары Жақашов Абзал Құрманғазыұлы қатысты. Аталмыш шара қонақтары жастарға патриоттық тәрбие беруде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарға тоқталып, әскерді ұстап тұрған – рух болса, қазір елімізге рухты әскер екі есе қажет екендігін ескерте отырып, жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктелетінін жеткізді. №268 мектеп-лицей оқушылар көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып, қажетті мағұлматтар алды.

АӘЖТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы:

Утебаева Альбина